

УДК 378.147.31

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ДӘРІСТІ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

*Абдыкешова Д.Т.,
жаратылыс ғылымдары магистрі,
Жунусова Г.Т.,
педагогика ғылымдары магистрі,
оқытушылары, Қарағанды мемлекет
тік медициналық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан*

Аннотация

Мақалада «оқытушы – студент» өзара әрекетінде оқытудың инновациялық жаңа әдістерін қолдану жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, оқу материалдарын меңгерту үрдісіндегі проблемалық сипаттағы дәрісті өткізудің мақсаты, маселелері және тиімділігі туралы айтылған.

Аннотация

В статье рассматриваются пути применения новых инновационных методов обучения во взаимной деятельности «преподаватель – студент», также говорится о цели, задачах и эффективности проведения лекции проблемного характера в усвоении учебных материалов.

Abstract

The article deals with the problem-based learning in mastering teaching material with innovative teaching methods in mutual activity of “teacher – student”.

Түйінді сөздер: *проблемалық дәріс, студент, оқытушы, субъект, объект, диалогтік.*

Ключевые слова: *проблемная лекция, студент, преподаватель, субъект, объект, диалогическое.*

Keywords: *problem lectures, student, teacher, subject, object, dialogic.*

*Кім ескіні елемей, жаңаға жетсе, ол оқытушы бола алады.
Конфуций*

1. Кіріспе.

Контекстік оқыту жүйесінде дәрістердің әзірленуі. Оқытудың контекстік-белгі концепсиясына сүйене отырып, дәрістің әзірлену үлгісін мынадай, классикалық ақпараттықтан бастап теориялық сұрақтарды талқылаушы мамандардың өзара әрекетінің шынайы үлгісін қайта жасауға дейінгі кезеңдік қатар арқылы келтіруге болады және ендігі дәріс болудан қалады. Осыған сәйкес келесі дәріс түрлері бөлініп алынды: ақпараттық, проблемалық, дәріс-визуалдау, жұптық дәріс, алдын-ала жоспарланған қателері бар дәріс, пресс-конференция дәрісі.

Мұндай дәрістердің көмегімен барлық психикалық функциялар құрылымын және теориялық ойлау механизмін қосумен бірге, оқытудың мазмұнын қарапайым ақпараттарды беруден бастап белсенді игеруге дейін тізбектеп өту беріледі. Бұл процессте студенттердің өзінің білім мазмұны әрекетіндегі үлесі, дәріс барысындағы қарым- қатынасы және диалогтік өзара әрекетінің рөлі (қызметі) артады, маман тұлғасының кәсіби басты сапасының қалыптасуы кезінде әлеуметтік контекст белгісі күшейе түседі.

Ақпараттық дәріс белгілері бәріне жақсы аян, сондықтан ол туралы айтуды қажет етпейді. Оқыту және білім мазмұнының өзгеруі, дамуы әсеріндегі дәріс студенттерге тарихи қалыптасқан монологтік қарым-қатынас үлгісі арқылы дайын білімді беру тәсілі сияқты бұ-

рынғыдай ақпараттық болып қалуы мүмкін емес. Бұдан диалектика мазмұны және үлгісі байқалады. Дәріске әр кезде әртүлі көзқарастар болғаны бекер емес: егер біреулері дәрісті оқу жоспарында мүлдем теріске шығарса, ал басқалары оны басты және маңызды деп санады.

Мамандардың даярлық сапасын көтер болашағы, дербес жағдайда, студенттердің танымдық процестері ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекеттерге жақындайтын *проблемалық сипаттағы дәрісті* кіріктірумен байланыстырылады. Олардың көмегімен негізгі төрт мақсатқа жетуге жетелейді:

- ✓ студенттердің теориялық білімді игеруі;
- ✓ теориялық ойлауды дамыту;
- ✓ курс мазмұнына деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- ✓ болашақ маманның кәсіби мотивациясы

Проблемалық дәріс мақсатына ұтымды жету студенттік аудитория және оқытушының бірлескен күшімен қамтамасыз етіледі. Дәріскердің негізгі міндеті қаншалықты ақпарат беруде ғана емес, қаншалықты студенттермен қарым-қатынасы кезінде ғылыми білім дамуының объективті қарама-қайшылығын және оларды шеше білу тәсілінде. Бұл студенттердің ойлау қабілетін және танымдық белсенділігін оятады. Студенттердің оқытушымен ынтымақтастығында (әріптестілігінде) «өзіне жаңа білім ашады», пәннің теориялық негізін ұғынады.

Проблемалық дәрістің жалпы тиімділігі оның мазмұнымен, бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру тәсілімен және педагог тұлғасын студенттер аудиториясына тиімді «трансляция» жасаумен қамтамасыз етілетін қарым-қатынастың осы бір түрімен анықталады. Қаншалықты педагог кәсіпкер маман үлгісіне жақын педагог болса, соншалықты студенттерге әсері маңыздырақ болады және оқытудың нәтижесіне де оңай жетеді.

Осылайша, проблемалық дәрісте кәсіби болашақтың пәндік және әлеуметтік контекстері көрсетіледі. Ол, маманның кәсіби тұлғасының дамуы және жалпы мақсаттар жетістігіне өз күштерін біріктірген студенттер мен оқытушының бірлескен әрекетінің үлгісі болып табылады.

Оқытушылар алдын-ала белгілі материалды еске түсіруге арналған ақпараттық дәріс мазмұнынан ерекшелігі, проблемалық дәрісте жаңа білім студенттер үшін белгісіз болып енгізіледі. Бұл диалектикалық әдіс ендігі ғылымда белгілі, студенттерде «жаңалық ашу» елесін құруға мүмкіндік береді. Студент ақпаратты жай ғана өңдемейді, оны игеруде ол өзіне әлі белгісіз білім субъекттік ашылғандай алаңдаушылығы туады. Бұл жерде студенттің ойлау қабілеті және оның материалды игеру барысындағы жеке көзқарасы қалыптасады. Проблемалық дәрісте студенттердің ойлау қабілетінің қосылуы, олар үшін жаңа білім құрайтын барлық қажетті ақпаратты алғанға дейінгі оқытушының *проблемалық жағдай* тудыру көмегімен жүзеге асырылады.

Проблемалық оқыту кезінде оқытушының студенттер алдына қоятын, оқу жағдайының компоненттері мынадай:

- ✓ таным объектісі (дәріс материалы);
- ✓ таным субъектісі (студент);
- ✓ объекті мен субъектінің өзара әрекетінің ойлау процесі және осы өзара әрекеттің ерекшеліктері;
- ✓ материалдың өзіндік ерекшелігі және танымдық әрекеттің ұйымдастырудың дидактикалық әдістері.

Проблемалық жағдай, оқыту пәнінде бар және оқу проблемасын шешу үшін қажетті, оған әлі белгісіз жаңа білімді «ашу», табу және игеру, студент ынта-күшінің қажеттілігімен сипатталатын субъекті мен таным объектісінің ойлаушылық өзара әрекетінің психологиялық ахуалы сияқты анықталады.

Осылайша, проблемалық жағдай кейбір интеллектуалдық қиындықтарға қобалжушы студенттің субъекттік жағдайы сипатына да, не материалының ерекшеліктеріне де сәйкеспейді. *Проблемалық жағдай*- өз мазмұны бойынша объективті оқу ортасында ерекше түрде ұйымдастырылып кіріктірілген жеке танымдық жағдайды сипаттайтын параметрлер жиын-

тығы. Басқаша айтқанда, проблемалық жағдай -бұл субъект және оның қоршаған ортасының сипаттамасы. Мұндай орта оқытушымен құрылады (оқыту субъектісі) және студенттің белсенділігімен (таным объектісі) ортақталады.

Проблемалық жағдайға кіруді белгісіз білім туралы өз өзіне сұрақ қоя білетін, ой әрекетіндегі және оқу тапсырмасын шешудегі көзқарасы бар адам жағдайымен сипаттауға болады. Мұндай сұрақ таным объектісімен өзара әрекет процесіндегі студент ойын туғызатын объективті көрсеткіш ретінде қызмет етеді. Жаңа білімді тасушы ретінде алдымен, студент санасында сұрақ тудыра алатындай дәрісті құрастыра білетін оқытушы болып табылады.

Бұл үшін оқыту материалы *оқыту проблемасы* түрінде көрсетіледі. Ол кейбір шарттарында қарама қайшылыққа көзделген және осы қарама-қайшылықты объективтендіретін сұрақпен аяқталатын танымдық тапсырмалардың логикалық үлгісіне ие. Студент интелектуалды қиындыққа қобалжығанындай қарама-қайшылықты шешетін сұраққа жауап белгісіз болып табылады. Проблемалық жағдай, айтылған оқыту проблемасында қарама-қайшылық табылғаннан кейін туындайды. Осылайша, проблемалық баяндау үшін, болашақ кәсіби іс-әрекеттің неғұрлым маңызды және студенттердің игеруіне күрделі болып табылатын, өз жиынтығында оқыту пәнінің негізгі концептуалды мазмұнын құрайтын курстың маңызды тауарлары іріктелініп алынады.

Өзіндік қарама-қайшылығы бар оқыту проблемасының маңыздылығы, ғылыми проблема мәртебесіне ие болған әрбір білім саласының тарихында. Тарихқа және логикаға студенттер араласуы кезінде бұл қарама-қайшылықтар студенттер ойлауын тәрбиелеудегі негізгі «мектебі» болып табылады.

Әрбір оқытушы дәрісте проблемалық жағдайды қолдана алады. Проблемалық дәріс мазмұнында әрбір ғылымның қазіргі жағдайы, ғылыми таным жолындағы объективті қарама-қайшылық және оқытудағы оның нәтижесін игерудегі озық тәжірибе бейнеленуі қажет. Осылайша, проблемалық мазмұндау үшін өз жиынтығында болашақ кәсіби қызметке маңызды және студенттердің игеруіне неғұрлым күрделі, оқыту пәнінің негізгі концептуалды мазмұнын құрайтын курстың түйінді, ең маңызды бөлімдері іріктеліп алынады.

Оқу проблемалары өз күрделілігі бойынша студенттер үшін қол жетімді болуы, олар оқытылатын танымдық мүмкіндіктің ескерілуі, жалпы және кәсіби -тұлғаның дамуы мен оқу материалын игеру үшін мән-мағыналы болуы, оқып үйренетін пән арнасында болуы қажет. Маңызды ғылыми ой-пікірдің және теорияның даму логикасын ашуға мүмкіндік беретін, оқу материалының мұндай құрылымы ең жоғарғы бағаға иеленеді.

Проблемалық дәрістің міндетін шешу оның құрылымының дидактикалық негізделуін қамтиды. Проблемалық дәріс, кез келген дәрістер сияқты, әрбір ғылымның негізгі жағдайларын нақты түрде және терең айқындауға, мақсаттылыққа, жүйелілікке, логикалық дамуға және қозғаушы күш көзіне, оның мазмұны басты логикалық әдіс сапасына тән ауызша мазмұндауға құрылған.

Оқу проблемасы және дәріске дейін оқытушымен құрылған ішкі проблемалар жүйесі, дәрісте оқытушының баяндауымен ашылады. Проблемалық дәріс шартының басымдылығы диалогтік сипаттағы ауызша мазмұндауға жатады. Сәйкесінше әдістемелік әдіс-тәсілдер (проблемалық және ақпараттық сұрақтар қою, болжамдардың шығуы және олардың қабылдануы немесе теріске шығарылуы, студенттерді «көмекке» шақыру және т.б.) көмегімен оқытушы студенттерді бірлесіп ойлануға, дәрісте басталатын немесе келесі семинарда жалғасатын пікірталас(дискуссия) тудырады.

Диалогтік дәрістің дәрежесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол проблемалыққа жақындайды және соғұрлым оның бағыттаушы, үйретуші және тәрбиелеуші тиімділігі жоғары болады. Және, керісінше, ол неғұрлым монологтік мазмұнға жақын болса, соғұрлым ол ақпараттық болады.

Осылайша, дәріс проблемалық болады, егер онда проблемалық принцип (міндеттер) іске асырылса. Сонымен бірге өзара байланысқан келесідей екі шарттың орындалуы қажет:

- 1) дәріске дейін курс мазмұнында дидактикалық өңдеудің және іріктеу кезінде проблемалық міндеттің(принциптің) іске асырылуы;
- 2) дәрісте тікелей осы мазмұнның ашылуы кезіндегі проблемалық міндеттің(принциптің) іске асырылуы.

Біріншісі, оқу проблемасын пән теориясының негізгі мазмұнын көрсететін танымдық тапсырмалар жүйесін оқытушының дайындауымен, ал екіншісі пәні лектор енгізген материал болып табылатын, оқытушының студенттермен диалогтік қарым-қатынас түріндегі дәрістің құрылуымен қол жеткізіледі.

Сонымен бірге, дәрістің әдістемелік ойға қатысты оқытушының аудиториямен диалогтік қатынасы дәріс кезеңдерінің барысы бойынша студенттермен жанды диалог сияқты құрылуы мүмкін, мұнда ол мақсатқа лайықты дидактикалық, немесе проблемалық сипаттағы дәріс үшін неғұрлым типтік болатын ішкі диалог сияқты. Соңғы жағдайда студенттер оқытушымен ішкі диалогте сұрақтар қояды және кезекті түсінік үшін конспектіге сұрақтарды тіркейді немесе өзіндік жұмысы сабағы барысында, жекелей оқытушымен кеңесуде (консультацияда), немесе басқа студенттермен талқылау үстінде, ал сол сияқты семинарда жауап береді.

Диалогтік қарым-қатынас түрі(типi) қаншалықты өзінің пайда болған диалогтік ойлау тәсілі бойынша білімдік процеске қатысушылар ойының қажетті шарттарының туындауы болып табылады. Алдымен, оқытушы студенттермен келесі шарттарда жүзеге асырылатын, *диалогтік қарым-қатынасқа кіруі қажет*:

- ✓ оқытушы студенттермен дәріске «заңгер» сияқты емес, өзінің жеке бас мазмұнымен «бөлісуге» келген әңгімелесуші сияқты байланысқа кіру қажет;
- ✓ оқытушы студенттің жеке пікір құқығын мойындап қана қоймай, оған қызығушылығын білдіреді;
- ✓ жаңа білім, ғалымның немесе оқу құралының авторының, оқытушының абыройының күшімен ғана ақиқат боп көрінбейді, және оның ақиқаттығын талдау жүйесін дәлелдеу күшінде;
- ✓ дәріс материалы әртүрлі көзқараспен талдауды, проблеманың даму логикасын, оның мазмұнын елестетеді, тарихтағы объективті қарама-қайшылықты шешу тәсілдерін көрсетеді;
- ✓ студенттермен қарым-қатынас, оларды өзіндік қорытынды жасауға әкелетіндей, оқытушының өзімен құрылған қарама-қайшылықты шешу жолын іздейтін, дайындық процесінің қатысушысын жасаумен құрылады;
- ✓ енгізілген материалға оқытушы сұрақ қояды және оларға жауап береді, студенттерден сұрақ тудырады және оларға дәріс барысында өздігінен жауап іздеуге бейімдейді.

Ақырында, ол студенттің өзімен бірге ойлауына қол жеткізеді.

Студенттің ішкі диалогке(өзіндік ойлауға) қабілеті тек қана әңгімелесудің әртүрлі үлгідегі сыртқы диалогқа белсенді қатысу тәжірибесінің бар болуы кезінде ғана қалыптасады. Сондықтан проблемалық сипаттағы дәрістерді студенттердің өзіндік жұмысымен (әрекетімен) бірлескен диалогтік үлгідегі және пікірталас сияқты ұйымдастырылған семинар сабақ жүйесімен толықтыру қажет.

Студенттерді оқытудың сапасын, тиімділігін арттыру әртүрлі тақырып және жағдай бойынша оқыту әдісін дұрыс таңдай білу және қолданумен тікелей байланысты, сонымен қатар, оқу үрдісінің барысында субъект-субъекттік қатынасты қамтамасыз етумен байланысты.

Студенттерді оқытудың қазіргі шарттары инновацияларды, жаңалық және жаңа кіріспені енгізу қажеттілігімен ерекшеленеді. Берілген оқыту әдістері студенттерде тез ойлау қабілеттерін дамытады, шығармашылық және инновациялық жұмыс тәжірибесін қалыптастырады, құзырлықтарын жетілдіреді, озық жұмыс істеуге үйретеді, тек қатысушыны ғана емес, сонымен бірге, оқытушыны да дамуға жігерлендіреді.

Сонымен, инновациялық әдістердің басты ерекшеліктерінің бірі студенттердің белсенділігі оқытушының белсенділігімен тең келуінде. Студенттер дәріскер немесе оқытушы-

ның пассивті монолог оқуының тыңдармандары емес, тікелей және кері байланыс нәтижесінде шығармашылық және эмоционалды түрде білім беру үрдісіне қатысады.

Әдебиеттер тізімі

Баубекова Г. Білімдегі жаңалықтар. – Астана. – 2006. – №2. – 70 б.

Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі. – 2008. – №4.

Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.